37. Қабылданған өтініштерді қоса берілген құжаттармен бірге ЖЖОКБҰ-ға жеткізу осы өтініштерді қабылдаған күні кемінде екі рет жүзеге асырылады.

38. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзіміне кірмейді.

39. ЖЖОКБҰ-ның қызметкері құжаттарды түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

40. ЖЖОКБҰ-ның қызметкерлері өтініш тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттың телнұсқасын не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты Мемлекеттік корпорацияға курьерлік және (немесе) пошта байланысы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей, ал портал арқылы өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет нәтижесін алу орны көрсетілген білім туралы құжаттың телнұсқасының дайындығы туралы хабарлама не бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың негізі анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушы алдын ала шешім бойынша өз ұстанымын білдіруі үшін тыңдаудың уақыты мен орны (әдісі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдау хабарланған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі.

Хабарлама (хабархат) тапсырыс хаттың табыс етілгендігі туралы хабарламамен тапсырыс хатпен, телефонограммамен немесе телеграммамен, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша мәтіндік хабарламамен немесе электрондық мекенжай бойынша не хабархаттың немесе шақырудың тіркеліп-бекітілуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланылып жіберіледі.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы алдын ала шешімді алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде көрсетілетін қызметті берушінің алдын ала шешіміне қарсылығын ұсынады немесе айтады.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттың телнұсқасын беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешім қабылдайды.

41. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияны мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу орны ретінде көрсеткен жағдайда, ЖЖОКБҰ-ның қызметкерлері білім туралы құжаттың телнұсқасын Мемлекеттік корпорацияға курьерлік және (немесе) пошта байланысы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей жібереді.

42. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру болып табылады.

43. Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесіне сәйкес, алғаны туралы белгісі бар жеке басын куәландыратын құжаттарды не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты (сәйкестендіру үшін) ұсынған кезде жүзеге асырылады.

44. Мемлекеттік корпорация мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін бір ай ішінде сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оны әрі қарай сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге тапсырады. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай

өткеннен кейін жүгінген жағдайда Мемлекеттік корпорацияның сұрауы бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға дайын құжаттарды жібереді.

45. Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға немесе порталға құжаттарды тапсырған сәттен бастап жалпы қарау мерзімі – 15 жұмыс күні.

46. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

47. Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы уәкілетті органы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушілерге, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына, «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарлайды.

2-параграф. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

48. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамауға құқылы.

49. Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

50. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

51. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіпте шағымданғаннан кейін жол беріледі.

Жоғары және (немесе)
жоғары оқу орнынан кейінгі
білім туралы мемлекеттік
үлгідегі құжаттарды беру
қағидаларына 1-қосымша

/жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан
кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі -
ЖЖОКБҰ) басшысының тегі, аты, әкесінің аты
(болған жағдайда) толық/

/тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) толық/

/тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
ағылшын тілінде толық/

/тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
өзгерген жағдайда/

/мамандығы (білім беру бағдарламасы) атауы/

/мамандығы (білім беру бағдарламасы) бойынша

/ЖЖОКБҰ бітірген жылы/

/көрсетілетін қызметті алушының байланыс
деректері/

/ЖЖОКБҰ атауы және мекенжайы, өзгерген
кезде/

Нысан

Өтініш

Маған

/себебін көрсету/

_____ байланысты дипломның телнұсқасын
(қосымшасымен бірге дипломның телнұсқасын, дипломның телнұсқасын,
қосымшаның телнұсқасын) беруіңізді сұраймын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған «Дербес деректер және оларды қорғау
туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен құпия қорғалатын мәліметтерді
қолдануға келісемін.

«___» _____ 20__ ж.

/қолы/

Ескертпе: мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының тегі, аты, әкесінің
аты (болған жағдайда) жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес баспа
әріптермен толтырылады

Жоғары және (немесе)
жоғары оқу орнынан кейінгі
білім туралы мемлекеттік
үлгідегі құжаттарды беру
қағидаларына 2-қосымша

НЫСАН

Құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат № _____

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы филиалының № _____ бөлімі/ білім беру ұйымы

_____ мынадай құжаттар алынды:
(көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

1. Өтініш

2. Басқа _____

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің/
білім беру ұйымы қызметкерінің
Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

_____ (қолы)

Алдым: көрсетілетін қызметті алушының _____

(қолы)

20 ____ ж. « ____ » _____

Жоғары және (немесе)
жоғары оқу орнынан кейінгі
білім туралы мемлекеттік
үлгідегі құжаттарды беру
қағидаларына 3-қосымша

Нысан

Көрсетілетін қызметті алушының
Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)
не көрсетілетін қызметті
алушы ұйымының атауы

(көрсетілетін қызмет алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тартылғаны туралы қолхат

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы филиалының №__ бөлімі (мекенжайын көрсету)/ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы Сіз мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (Мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету) көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынбауыңызға байланысты мемлекеттік көрсетілетін қызметке құжаттарды қабылдаудан бас тартады, сондай-ақ мерзімі өткен құжаттарды атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____;....

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің/
білім беру ұйымы қызметкерінің

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

_____ (қолы)

Орындаушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Телефоны _____

Алдым: Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)/көрсетілетін қызметті алушының қолы

20 ____ ж. « ____ » _____

Жоғары және (немесе)
жоғары оқу орнынан кейінгі
білім туралы мемлекеттік
үлгідегі құжаттарды беру
қағидаларына 4-қосымша

«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Ескерту. 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 27.03.2024 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы: «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру»		
1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ)
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдау және нәтижелерін беру: 1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация); 2) «электрондық үкіметтің» «www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға немесе порталға құжаттарды тапсырған сәттен бастап жалпы қарау мерзімі – 15 жұмыс күні; 2) Мемлекеттік корпорацияда құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 15 минут; 3) Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 15 минут
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электрондық (ішінара автоматтандырылған)/ қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың телнұсқасы не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде. Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесіне сәйкес, алғаны белгісі бар жеке басын куәландыратын құжаттарды не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты (сәйкестендіру үшін) ұсынған кезде жүзеге асырылады. Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін сұрау салуда көрсетілген мекенжайы бойынша алады. Мемлекеттік корпорация 1 (бір) ай ішінде құжаттарды сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті алушыға одан әрі сақтауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткен соң жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз негізде жеке тұлғаларға көрсетіледі
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, түскі үзіліссіз, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету кезекші бөлімдері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін.</p> <p>Құжаттарды қабылдау көрсетілетін қызмет алушының таңдауы бойынша «электронды» кезек тәртібінде не жеделдетіп қызмет көрсетусіз «электронды үкімет» веб-порталы арқылы электронды кезекті броньдау жолымен жүзеге асырылады;</p> <p>3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінде жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның: www.gov4c.kz интернет-ресурсында;</p> <p>3) www.egov.kz порталында.</p>
8	Мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі	<p>Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:</p> <p>1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЖЖОКБҰ басшысының атына көрсетілетін қызметті алушының немесе оның өкілінің (көрсетілетін қызметті алушыдан нотариалды куәландырылған сенімхат) өтініші;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаты және (немесе) цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаты (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);</p> <p>3) тегі (аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) өзгерген және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжат бүлінген жағдайда жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттың түпнұсқасы қоса беріледі.</p> <p>Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті Мемлекеттік корпорацияның қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады және оны көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды «электрондық үкімет» веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе «электрондық үкімет» веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады».</p> <p>порталда:</p> <p>көрсетілетін қызметті алушының электронды цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған немесе порталдың есептік жазбасына көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы ұсынған, абоненттік нөмірі қосылған және тіркелген кезде, бір рет қолданылатын парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы Қағидалардың 1-қосымшаға сәйкес ЖЖОКБҰ басшысының атына өтініш.</p>

		Тегі (аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) өзгерген және (немесе) білім туралы құжат бүлінген кезде көрсетілетін қызметті алушы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттың телнұсқасын алған кезде ЖЖОКБҰ-ға білімі туралы құжаттың түпнұсқасын жолдайды.
9	Қазақстан Республикасының Заңнамасымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынған құжаттарының осы қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады;</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту кезінде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға бас тарту себептерін көрсете отырып жауап жолдайды.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларында белгіленген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қайта жүгіне алады.</p>
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық түрде және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Өз-өзіне қызмет көрсету, өздігінен қозғалу, бағдар жасау қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе жартылай жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылардан 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну кезінде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар қабылдауды көрсетілетін қызметті алушының тұратын жеріне бара отырып, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жүргізеді.</p> <p>Электрондық цифрлық қолтаңба бар болған жағдайда қызмет алушы мемлекеттік қызметті электронды түрде портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің және бірыңғай байланыс орталығының www.egov.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.</p> <p>Цифрлық құжаттар сервисі үшін қол жетімді цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада және пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде авторизацияланған субъектілер үшін қол жетімді.</p> <p>Цифрлық құжатты пайдалану үшін пайдаланушылардың мобильді қосымшасында және ақпараттық жүйелерінде қолжетімді әдістермен мобильді қосымшада авторизациядан өту қажет, бұдан әрі «цифрлық құжаттар» бөлімінде одан әрі пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды.</p>

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары
білім министрінің
2023 жылғы «_____» _____
бұйрығына 17-қосымша

**Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі
білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі
талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидалары жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарды беруді ұйымдастыру рәсімін бірыңғай ұйымдастыру мақсатында әзірленді.

**2-тарау. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын
негізгі талаптар**

2. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілері мен қосымшаларында:

- 1) ЖЖОКБҰ атауы;
- 2) бітірушілердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);
- 3) білім беру бағдарламасының (мамандықтың) кодын және атауы;
- 4) берілетін дәреже;
- 5) дәреже беру туралы аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасының күні мен нөмірі (бар болса). Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктордың дипломдарында ғылыми консультанттар мен ресми рецензенттер

туралы мәліметтер, диссертациялық кеңес отырысының күні, хаттама нөмірі (ерекше мәртебесі бар ЖЖОКБҰ үшін) немесе Комитет шешімінің күні мен бұйрық нөмірі (ерекше мәртебесі жоқ ЖЖОКБҰ үшін);

- 6) оқыту нысаны;
- 7) ЖЖОКБҰ басшысының қолдары;
- 8) реттік тіркеу нөмірі;
- 9) берілген күнін және орны (қала);
- 10) ЖЖОКБҰ мөрі болады.

3. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарда институционалдық аккредиттеу жүргізген аккредиттеу агенттігінің логотипі және (немесе) атауы орналастырылады.

Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарға қосымшада білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу бойынша аккредиттеу агенттіктерінің логотиптері және (немесе) орналастырылады.

4. Педагогикалық қайта даярлау туралы сертификаттарда:
- 1) ЖЖОКБҰ атауы;
 - 2) тындаушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);
 - 3) кредиттердің саны;
 - 4) ЖЖОКБҰ басшысының қолы;
 - 5) реттік тіркеу нөмірі;
 - 6) берілген күні;
 - 7) ЖЖОКБҰ мөрі болады.

5. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың қорғаныш белгілері болады.

6. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарда деректерді автоматты сәйкестендіру және жинау технологиясын және (немесе) QR коды (мөлшері 3x3 см. кем емес) қолданылады.

7. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттың әрбір түрі үшін серия мен реттік нөмірлеуді белгілейді.

Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мынадай сериялары бар:

- 1) бакалавр дәрежесі берілетін жоғары білім туралы диплом – BD;
- 2) біліктілік берілетін жоғары білім туралы диплом – BQ;
- 3) магистр дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом – MD;
- 4) іскерлік әкімшілік жүргізу магистрі дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом – MBA;
- 5) іскерлік әкімшілік жүргізу докторы дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом – DBA;
- 6) магистр дипломына куәлік – CMD;
- 7) педагогикалық қайта даярлау туралы сертификат – CPR;
- 8) философия докторы (PhD) дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом – PhD;
- 9) бейіні бойынша доктор дәрежесі берілетін жоғары оқу орынан кейінгі білім туралы диплом – PD.

Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттың әр түрін нөмірлеу арнайы қызметті қолдану арқылы жасалады.

Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттың нөмірлерін қалыптастыру ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне енгізілген білім алушылар туралы ақпарат негізінде жүзеге асырылады.

Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың нөмірлерін және QR кодтарын жасау бойынша жұмысты жүзеге асыру үшін әрбір ЖЖОКБҰ-да жауапты тұлғалар үшін есептік жазба жасау арқылы арнайы сервиске қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

Бұл ретте білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың нөмірлерін және QR кодтарын жасауға жауапты тұлғалар ЖЖОКБҰ басшысының бұйрығымен тағайындалады.

Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың нөмірлерін және QR кодтарын қалыптастыруға бақылауды жүзеге асыру ЖЖОКБҰ басшысына жүктеледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 27.03.2024 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар басып шығару құрылғыларының көмегімен толтырылады.

9. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілері мен қосымшалары мемлекеттік, ағылшын және (немесе) басқа (орыс және т.б.) тілдерде толтырылады.

10. Бланкілер мынадай түрде толтырылады:

1) оқуды аяқтаған Қазақстан Республикасы азаматтары үшін «тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)» деген жолда адамның жеке басты куәландыратын құжаттағы (не оны алмастыратын құжаттағы) жазбаға сәйкес толық жазылады;

2) шетелдік азаматтың «тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)» деген жолда шетелдік паспорттың деректері бойынша жазылады;

3) «білім беру ұйымының толық атауы» деген жолда ЖЖОКБҰ ресми атауы көрсетіледі;

4) «дәреже/біліктілік берілді» деген жолда – берілетін дәреженің /біліктіліктің атауы;

5) «мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды және атауы» деген жолдарда мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды, атауы көрсетіледі;

6) «оқыту нысаны» деген жолда оқыту нысаны көрсетіледі.

Білім алушылар қашықтықтан оқытуға ауыстыра отырып, оқытудың барлық кезеңінде білім беру бағдарламалары пәндерінің жалпы санының 50% игерген кезде «оқыту нысаны» жолында «қашықтықтан оқытуға ауыстыра отырып» тиісті белгі көрсетіледі;

7) бланкіде берілетін дипломның сериясы мен нөмірі, білім беру ұйымы орналасқан қала, бланкінің берілген күні: күні (санмен), айы (жазумен) және жылы (төрт таңбалы санмен), берілетін бланкілерді тіркеу журналы бойынша бланкінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

8) аттестаттау комиссиясы хаттамасының күні, нөмірі көрсетіледі;

9) философия докторы (PhD) дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом, бейіні бойынша докторы дәрежесі берілетін жоғары оқу орынан кейінгі білім туралы диплом бланкісінде күні мен диссертациялық кеңес отырыс хаттамасының нөмірі (ерекше мәртебесі бар ЖЖОКБҰ үшін) немесе Комитет шешімінің күні мен бұйрық нөмірі (ерекше мәртебесі жоқ ЖЖОКБҰ үшін) көрсетіледі.

11. ЖЖОКБҰ басшысының қолдары бланкілерде қара пастасы бар шарикті қаламмен қойылады. Мөрге бөлінген орынға ЖЖОКБҰ мөрі қойылады.

12. Құжат бланкісі толтырылғаннан кейін ондағы енгізілген жазбалардың дәлдігі мен қатесіз болуы мұқият тексерілуі тиіс. Қателермен жасалған құжат бүлінген деп саналады және ауыстырылуы керек.

13. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарға қосымшалар мынадай үлгіде толтырылады:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) толық көрсетіледі;
- 2) пәндердің атауы, академиялық кредиттердің саны - ECTS. Бағалау (әріптік баламада, балмен және дәстүрлі (жазумен));
- 3) «Қорытынды аттестаттау» деген жолда академиялық кредиттердің атауы, саны - ECTS және бағасы (әріптік баламада, балмен және дәстүрлі (жазумен) көрсетіледі. Егер кешенді емтихан тапсырылса, онда кешенді емтиханға кіретін пәндердің атауы көрсетіледі және бір баға қойылады;
- 4) «Алдыңғы білім туралы құжат» деген сөздерден кейін осы адамды ЖЖОКБҰ-ға қабылдауға негіз болған білім туралы құжаттың атауы, құжаттың нөмірі және оның берілген жылы көрсетіледі. Егер алдыңғы білім туралы құжат шетелде алынған кезде, оның мемлекеттік, ағылшын және (немесе) басқа (орыс және т.б.) тілдерге аударылған атауы және осы құжат берілген елдің атауы көрсетіледі;
- 5) «Оқуға түсті» және «Оқуды аяқтады» деген жолда тиісінше оқуға түскен жылы және оқуды бітірген жылы төрт таңбалы сандармен, сондай-ақ осы адам оқуға түскен ЖЖОКБҰ толық атауы және осы адам бітірген ЖЖОКБҰ-ның атауы көрсетіледі. Студент оқи алатын басқа ЖЖОКБҰ көрсетілмейді;
- 6) «Игерілген академиялық кредиттердің жалпы саны – ECTS» деген жолда кредиттер саны цифрлармен көрсетіледі;

7) «Оқытудың орташа өлшемді бағасы (GPA)» деген жолда оқудың барлық кезеңіндегі орташа балл цифрлармен көрсетіледі;

8) «Кәсіптік практика» деген жолда академиялық кредиттердің атауы, саны - ECTS және бағасы (әріптік баламада, балмен және дәстүрлі (жазумен) көрсетіледі;

9) «Теориялық оқыту кредиттерінің саны» және «Теориялық оқыту ECTS кредиттерінің саны» деген жолда теориялық оқыту кредиттерінің саны цифрлармен көрсетіледі;

10) «Аттестаттау комиссиясының шешімімен» деген жолда хаттаманың нөмірі және күні цифрлармен көрсетіледі;

11) «Берілді (берілді)» деген жолда дәреже/біліктілік көрсетіледі;

12) «Мамандық және (немесе) білім беру бағдарламасы бойынша» деген жолда мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды мен атауы көрсетіледі;

13) «Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкестік деңгейі» деген жолда мынадай деңгей цифрлармен көрсетіледі: бакалавриат үшін – 6, магистратура үшін – 7, докторантура үшін – 8.

14. Студенттің осы дайындық бағыты немесе мамандығы үшін ЖЖОКБҰ-ның оқу жоспарында айқындалған пәндерден тыс оқыған пәндері студенттің өтініші бойынша оның келісімімен енгізіледі.

15. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарға қосымшаларға ЖЖОКБҰ басшысы қол қояды. Мөрге бөлінген орынға ЖЖОКБҰ мөрі қойылады.

16. Дипломға қосымшасыз жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді бітіргені туралы диплом жарамсыз болып табылады.

3-тарау. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар есепке алу мен беру қағидалары

17. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар бланкілерінің қабылдануын, сақталуын, берілуін және есептен шығарылуын ұйымдастыру бойынша бақылауды жүзеге асыру мақсатында ЖЖОКБҰ-да басшының бұйрығымен

бекітілетін құрамы бес адамнан кем емес тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылады.

18. Тиісті оқу жылында білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар бланкілерінің пайдаланылуы туралы есепті материалдық жауапты тұлға ЖЖОКБҰ бухгалтериясына және Ұлттық тестілеу орталығына ұсынады.

19. Пайдаланылмаған білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілері, олардың саны бланкілердің қозғалысы туралы есептерде көрсетіледі.

20. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың жетіспеу фактілері анықталған кезде комиссия акт жасайды, онда түгендеудің орны мен күні көрсетіледі.

21. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың жоғалғандығы анықталған кезде комиссия акт жасайды және материалдық жауапты тұлғаға сақтауға береді.

22. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілері жұмыста пайдаланылу барысында бүлінген кезде, бүлінген бланкілер бойынша акт жасалады. Бүлінген бланкілер жөніндегі актіге кесілген және қағаз парағына желімделген бүлінген бланкілердің нөмірлері мен сериялары қоса беріледі, бланкілердің қалған бөліктері жойылады.

23. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар бланкілерінің мазмұнына өзгерістер енгізілген кезде, ескі үлгідегі бланкілер ЖЖОКБҰ-да басшының шешімі негізінде жойылады және білім туралы құжаттар бланкілерін жою актісімен ресімделеді. Актіге кесілген және қағаз парағына желімделген бланкілердің нөмірлері мен сериялары қоса беріледі, бланкілердің қалған бөліктері жойылады.

24. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілері жанбайтын сейфтерде, темір шкафтарда немесе шектеулі мерзімсіз бланкілердің сақталуын қамтамасыз ететін арнайы жабдықталған үй-жайларда сақталады.

25. Есептік деректердің дұрыстығын бақылауды жүзеге асыру мақсатында есептердің көшірмелерін тиісінше сақтау қамтамасыз етіледі. Есептер оларды жасау мерзімдері бойынша жеке папкаларда сақталады.

26. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырысты ұйымдастыру, сақтау, есепке алу және беру жауапкершілігі ЖЖОКБҰ-ның материалдық жауапты тұлғасына жүктеледі.

27. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс берілуін, сақталуын, есепке алынуын және берілуін бақылауды жүзеге асыру ЖЖОКБҰ басшысына жүктеледі.

28. Аттестаттау комиссиясының білім алушылардың қорытынды аттестаттаудан өткені туралы куәландыратын және олардың тиісті білім деңгейін толық көлемде меңгергенін растайтын шешімі өзіндік үлгідегі құжаттарды беру үшін негіздеме болып табылады.

Педагогикалық қайта даярлау туралы сертификатты беру үшін аттестаттау комиссиясының шешімі негіздеме болып табылады.

Өзіндік үлгідегі философия докторы (PhD), бейіні бойынша докторы дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом беру үшін:

- 1) ерекше мәртебесі бар ЖЖОКБҰ үшін - диссертациялық кеңестің шешімі;
- 2) ерекше мәртебесі жоқ ЖЖОКБҰ үшін - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің (бұдан әрі- Комитет) шешімі негізінде беріледі.

29. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар тиісті шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей ЖЖОКБҰ тұлектеріне тегін негізде беріледі.

Құжатты жеке өзі алу мүмкіндігі болмаған кезде ол Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ресімделген сенімхат бойынша үшінші тұлғаға беріледі.

30. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар мен қосымшалары, сондай-ақ сертификаттар баспа құрылғыларының көмегімен (баспа құрылғыларының көмегімен толтырылатын деректерді есепке алмағанда) басылады.

31. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың нысаны мен дизайны ЖЖОКБҰ-мен айқындалады және кемінде 5 жыл мерзімге бекітіледі.

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары
білім министрінің
2023 жылғы 10 ақпандағы
№ 47 бұйрығына
18-қосымша

**«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың
мәліметтерін өзектендіру (түзету)» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары**

Ескерту. Бұйрық 18-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 27.03.2024 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың мәліметтерін өзектендіру (түзету)» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың мәліметтерін өзектендіру (түзету)» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың мәліметтерін өзектендіру (түзету)» мемлекеттік қызметін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Көрсетілетін қызметті алушы жеке тұлғалар болып табылады.

5. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардағы мәліметтерді өзектендіру (түзету) үшін негіз болып табылады.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің және көрсетілетін қызметті берушінің атауларын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мерзімін, нысанын және нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті ұсынудың ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың мәліметтерін өзектендіру (түзету)» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі – Тізбе) келтірілген.

7. Көрсетілетін қызметті беруші білім туралы құжатта көрсетілген мәліметтерді тексеруді жүзеге асырады, мәліметтерді мұрағат материалдарының деректерімен салыстырады.

8. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйесіне өзгеріс енгізу арқылы техникалық қателерді түзетуді жүзеге асырады.

9. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру Тізбеге сәйкес нысан бойынша www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

10. Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті жолдаған кезде «жеке кабинетте» мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

11. Көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес өтініш қабылдаудан дәлелді бас тарту туралы хабарлама жіберіледі.

12. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызмет сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

13. Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушілерге, «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарлайды.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

14. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 91-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамауға құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

«Жоғары және жоғары оқу
орнынан кейінгі білім туралы
құжаттар туралы мәліметтерді
өзектендіру (түзету)» мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына
1-қосымша

_____ / тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан
кейінгі білім беру ұйымының (бұдан әрі –
ЖЖОКБҰ) басшысы толық/

_____ / тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) толық/

_____ / тегі, аты, әкесінің аты өзгерген кезде
(бар болса)/

_____ / көрсетілетін қызметті алушының байланыс
деректері /

_____ / ЖЖОКБҰ аяқталған жылы /

_____ мамандығы (білім беру бағдарламасы) бойынша

_____ / мамандықтың (білім беру бағдарламасының)
атауы/

_____ / ЖЖОКБҰ атауы және мекенжайы, өзгерген
кезде /

_____ / жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім
туралы құжаттың сериясы мен нөмірі /

Үлгі

Өтініш

Сізден жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттар туралы
мәліметтерді өзектендіруді (түзетуді) сұраймын

/ себебін көрсету /

Ақпараттық жүйелерде қамтылған «Дербес деректер және оларды қорғау
туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен қорғалатын құпияны құрайтын
мәліметтерді пайдалануға келісемін.

20__ жылғы «__» _____

/қол/

**«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың мәліметтерін өзектендіру (түзету)» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
2- қосымша**

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың мәліметтерін өзектендіру (түзету)» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың мәліметтерін өзектендіру (түзету)»		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ЖЖОҚБҰ)
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	«электрондық үкіметтің» веб-порталы: www.egov.kz
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	15 (он бес) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электронды (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардағы өзектендірілген мәліметтер
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	тегін
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	www.egov.kz порталы арқылы – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінде жүтінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажет құжаттар тізбесі	- электронды цифрлық қолтаңбамен куәландырылған немесе порталдың есептік жазбасына көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы ұсынған, абоненттік нөмірі қосылған және тіркелген кезде, бір рет қолданылатын парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы Қағидалардың 1-қосымшаға сәйкес ЖЖОҚБҰ басшысының атына өтініш. - білім туралы құжаттың электронды көшірмесі.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған; 2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынған құжаттарының осы қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.

10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушы электронды цифрлық қолтаңбамен куәландырылған немесе порталдың есептік жазбасына көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы ұсынған, абоненттік нөмірі қосылған және тіркелген кезде, бір реттік пароль пайдаланылған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алады.</p> <p>Цифрлық құжаттар сервисі мобильдік қосымшада және пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде авторизацияланған субъектілер үшін қолжетімді.</p> <p>Субъекті мобильдік қосымшада және пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторизациялаудан өтеді, бұдан әрі «Цифрлық құжаттар» бөлімінде одан әрі пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды.</p>
----	--	---

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың мәліметтерін өзектендіру (түзету)» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 3- қосымша

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардағы мәліметтерді өзектендіруге (түзетуге) өтініш қабылдаудан дәлелді бас тарту туралы хабарлама

Өтініштің бірегей № _____ Күні _____

Бас тартуға негіздеме:

(заңның баптарына сілтемесі бар дәлелді бас тарту мәтіні)

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдей.